

Инвестиция

Мағауия Балтабек
Есептеуіш техникасы - 211

Инвестиция дегеніміз не?




Инвестиция (латынша *investire* – киіндіру) – табыс алу, меншікті капиталын молайту, елдің материалдық байлығы мен бейматериалдық сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер салатын инвестициялық қаражат.

Инвестор деген кім?

- **Инвестор** – бұл өзіндік немесе несиеге алынған немесе басқа жақтан тартылған қаражатты инвестициялық жобаларға құятын заңды немесе жеке тұлға. Инвестор тәуекелдердің аз болуын қалайды. Олар стратегиялық немесе портфельдік инвестор болып бөлінеді.



Инвестициялар төмендегі мақсаттарды шешуге көмектеседі :



Қаржы және материалдық қорларды жинақтау арқылы өз кәсіпкерлік іс-әрекетін кеңейту ;



Жаңа кәсіпорындарды сатып алу ;



Бизнесті жаңа салаларды меңгеру арқылы түрлендіру (диверсификация) .

Барлық инвестицияларды екі негізгі топқа бөлуге болады :


Портфельді инвестициялар

- Қаржыны жобалар тобына құю, мысалы әр түрлі кәсіпорындардың акцияларын сатып алу

Нақты инвестициялар

- Қаржы қаражатты нақты, әдетте ұзақ мерзімді және нақты активтерді сатып алуға тиісті жобаға құю

ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ




Әрекет ету жағынан қарастырғанда инвестициялар мына түрлерге бөлінеді:

- **Алғашқы инвестиция**
- **Кеңейтуге бағытталған инвестициялар**
- **Реинвестициялар – кәсіпорынның бос қаражатын жаңа құралдарды сатып алуға бағыттау**
- **Негізгі фондыларды алмастыруға арналған инвестициялар**
- **Диверсификацияға бағытталатын инвестициялар**

- Инвестицияның күрделі қаржыдан өзгешелігі бар. Инвестицияда қаражат тек материалдық активтерге ғана салынбайды, қаржылық және бейматериалдық активтерге де салынады. Инвестиция қаржы институттары, инновациялық және әлеуметтік сала арқылы тікелей де, жанамалай да салынады. Инвестиция өзінің құрамы жағынан біртекті емес, инвестициялау нысандарына, айналыс өрісіне, негізгі капиталдың ұдайы өндірісіндегі мақсатына, рөліне, қаржыландыру көздеріне қарай негізгі капиталға салынатын инвестиция, шетелдік инвестиция, қоржындық инвестиция түрлеріне бөлінеді. Негізгі капиталға салынатын инвестиция – құрылысқа, материалдық, бейматериалдық негізгі капиталды салуға, ұлғайтуға, қайта жаңғыртуға, техникалық жағынан қайта жаратандыруға, күрделі жөндеуден өткізуге, сатып алуға, сондай-ақ, материалдық айналыс құралдарының қорларын толықтыруға жұмсалатын қаражат.



- Негізгі капиталды инвестициялау нысандарына үйлер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, мал, екпе ағаштар, жер қойнауын барлау, компьютерлік және бағдарламалық қамтамасыз ету, көркем және әдеби шығармалардың түпнұсқалары, жаңа үйлер және жаңа ақпарат жатады. Негізгі капиталға салынған инвестиция Қазақстанда 2000 жылы бейқаржылық активтерге салынған инвестиция көлемінің 79,1%-ы болды. Бейқаржылық инвестицияның қалған 20,9%-ы материалдық айналым құралдарының қорларын толықтыруға, құндылықтар мен бейөндірістік активтерді (жер, жер қойнауы телімдерін, патенттер, лицензиялар, т.б) сатып алуға жұмсалды. Негізгі капиталға салынатын инвестиция елдің экон. өрлеуінің негізгі факторы болып табылады.



- **Шетелдік инвестиция** – шет ел инвесторы жүзеге асыратын инвестиция Әлемдік экономикалық жүйені жағандандыру жағдайында, сондай-ақ, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуына және ашық нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты шетелдік инвестиция объективті қажеттілікке айналып отыр. Өтпелі кезеңде экономикалық өрлеу мен нарықтық реформаларды қаржыландыру үшін елдің ішкі қорланымдарының жеткіліксіздігі себепті оның рөлі мен мәні арта түсуде. Шетелдік инвестицияға тікелей шетелдік инвестиция (яғни қаражатты кәсіпорындардың немесе компаниялардың жарғылық қорына не акцияларына салу), қоржындық шетелдік инвестиция, сондай-ақ, сыртқы несиелер, қарыздар, дамуға ресми көмек, гуманитарлық көмек жатады.



Инвестицияның мәні, қызметі

- Инвестициялар деп - өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына және өндірістің басқа да салаларындағы шаруашылық субъектісіне мүліктей, заттай сондай-ақ ақша қаражаты түрінде , яғни капитал түрінде салынып ол шаруашылықты әрі қарай өркендетіп дамыту үшін жұмсалынатын шығындардың жиынтығын айтады. Инвестиция дегеніміз- бүгінгі күні қолда бар ақшаны, мүлікті және басқа да заттарды , яғни капиталды қандай да бір өндірісті дамыту үшін жұмсап, сол арқылы ке келешекте , яғни алдағы уақытта пайыз түрінде немесе басқадай үлкен кәсіпкерлік табыс табу болып табылады.

-
- **Нақтылық инвестиция** дегеніміз – шаруашылық субъектіндегі белгілі бір материалдық, өндірістік қорлардың, яғни активтердің (жер, жабдық , құрылыс) өсуіне , дамуы жұмсалану үшін салынатын салымдар болып табылады.
 - **Қаржылық инвестиция** дегеніміз – акционерлік қоғамдар немесе мемлекет шығарған акцияларға , облигациялар және басқадай құнды қағаздарға банктердің депозиттерін салынған салымдар болып табылады.

Қаржылық инвестициялар иелену мерзіміне қарай мынадай категорияларға жіктеледі:

а) Қысқа мерзімдік иелену-иелену мерзімі бір жылға дейін;

ә) Ұзақ мерзімдік – иелену мерзімі бір  дан артық;

- Әлемдік экономикадағы Қазақстанның интеграциялық қозғалысы жыл өткен сайын артып келеді. Мәселен, 2001 жылы шетелдік инвесторлармен 16 келісім – шарт жасалып, 817 млн. АҚШ доллары көлеміндегі капитал ел экономикасына араласты. Бұл – 200 жылға қарағанда 7.6 есе, 1999 жылға қарағанда 1.4 есе көп. Шетел алпауыттарының Қазақстан бюджетінің жырттығын жамауға себін тигізуі ел экономикасына шетелдік инвестицияны тартудың халықаралық нормаларына сәйкестендіруге, яғни жетілген ұлттық заңнаманың жемісін көруге болатынына үміт ұялатады. Айталық, ел өнеркәсібінің өркен жаюына бағыттталып жатқан шетелдік инвестицияның жалпы көрсеткіші капиталдың 31 пайызын құрап отыр.

Еліміздегі негізгі капитал көздерінің ең
қомақты инвестициялық жобалары деп
мыналарды айтуға болады :

- Нидерланд – 580 млн. АҚШ доллары;
- Корея – 25.1 млн. АҚШ доллары;
- Түркия – 39 млн. АҚШ доллары;
- Лихтенштейн – 17 млн . АҚШ доллары;
- Ұлыбритания – 11.7 млн . АҚШ доллары.